

БАЙҚАМАПШЫН...

(Күнделіктен)

Абайсызда алпыстың қырқасына шығып та қалыппыз! Уақыт деген шіркін тез өтеді екен ғой. Өңіме қарап, кейбіреулер: «Қойыңызшы, сізді алпысқа келді дегенге кім сенеді. Ауылдық Советтік анықтамасында кемінде 4-5 жыл кері төңкеріліп кеткен шығар» деп көңіл аулаған болады.

Кім білсін... өзім де қайранмын! Ол кездегі анықтаманы кім анықтап жатқан дейсіз. Қалай дегенмен де, әркімнің шама-шарқы, әуселесі өзіне мәлім ғой... Келсек келіп те қалған шығармыз, сол алпыс түскірге. Өйткені өзім шілдеханасында болған кейбір қыршындар бүгінде қатын алып, екі-үштен бала жетелеп жүр.

Кәрі дей ме, немене, баспасөзге кейінде келген білімді жас жігіттердің кейде мені «ермек» ететіні бар. Сұрақтар береді, эзіл-оспақтар айтады. Осыншама жасқа келгенде талай» төбенің басына шығып, түскен болар-ау, дейді де. Бұлары, әрине, теріс те емес. Бірақ әңгіме төбенің санында да емес қой... «түсіп-шығудың» сәтін айтыңыз!

Әнеки, мына бір екі фельетоншы келе жатыр...

- Сәлеметсіз бе!

-Шүкір!

- Сізге әдеттегі әжік-біжікпен емес, ресми түрде келіп отырмыз, - дейді бұлар. - Редакцияның тапсыруы бойынша интервью аламыз.

-Мейілдерің, қай түрде келсендер де. Онда, интервьюлей беріңдер.

- Сіз баспасөз төңірегіне

келгелі қырық жыл шамасы болса керек. Осы уақыттың ішінде қай салада, қай-қай жерде істедіңіз?

- Оны санап жатып қайтеміз. Баспасөзді, оның алыс-жуық ағайындарын түгел алып айтқанда, киностудиядан басқасының бәрінде де істедім. Және ол кезде онда істемегенім үшін онша өкінгенім де жоқ!

- Сізді бес-аспап журналист деседі, әріптестеріңіз. Соның ішінде фельетон жазуды қашан, қалай игердіңіз? Бұл дегеніңіздің өзі бір қиын жанр көрінеді ғой?

- Иә, түсінгенге қиын, ал түсінбегенге - оңай да дүние. Бұлай дейтін себебім, біздің газеттеріміз бен журналдарымыздың бетінде жақсылы-жаманды фельетон үлгілері көптен орын алып келеді. Ұзын-ұрғасын солардың біріне бейімдеп, шекесіне «фельетон» деп айдар тақсаң болды... кейде ол да көмбеден қамшы салдырмай өте шығады. Ал, менің қалай үйренгеніме келетін болсақ, ол да қайбір жетісіп тұр дейсің! 30-шы жылдары, - онда дәріс алып, теория өтуге уақыт болды ма бізде,- алғашқы фельетонды Жұмағали Сәрсековтен

нұсқа алып үйрендім. Ал одан бергі жерде өз «есегімді» өзім қақпалап, бірде фельетон, бірде «мельетон» бөктерумен келем.

- Бұ жағы түсінікті. Баспасөздің қазанында осылайша қайнай жүріп, күйінген де сүйінген, ләззәт тапқан шақтарыңыз да аз болмаған шығар?

- Әрине. Күйінгенді қайтеміз, сүйінгенді айталық та. Соғыс жылдарында Талдықорғанда облыстық газет ұйымдастырып, сонда әрі редактор, әрі корректор, әдеби қызметкер, тәржімәші, оған қоса кейде курьер боп қызмет істедім. Ләззәт дегеніңіз осы да! Мұны бір деңіз. 60-жылдары нахақтан-нахақ- он жылға кесіліп, үш жарым жыл бойы түрмеде отырып желген Әлиасқар Оспанов деген «баукеспені» фельетон жазып абақтыдан шығарып алдық. Екі жыл өткен соң соның үйіне қонаққа барғанымда келіншегі алдымнан шашы үрпиген сары бөпесін көтеріп шығып: «Ағатай, мынау сіздің балаңыз(!). Біздің - олжамыз!» деп көзінің жасын төгіп-тегіп жібергенде... әрине, мен де қарап қалғаным жоқ. Екі деңіз...

- Жарайды, осы да қанағат, «Ара» онбеске шығып, отау иесі

болды. Қалай деп ойлайсыз: бұғанасы қатып, сыннан өтті ме?

- Зады, сатира ешкімге емтихан тапсырып сыннан өтіп жатпайды. Кімді түйресе - оның сыншысы сол.

- Ал эзіл, мысқыл, күлкі жөнінде не айтасыз?

- Әр нәрсенің қалпы, өлшемі бар. Демек, орынсыз күлкі - дерт, орынды күлкі - дәру. Халық осылай дейді.

- Айта кетіңізші, жақсы фельетон жазу үшін адамға қандай жағдай керек, тәжірибеңіз бар ғой?..

- Менің тәжірибеме қарайтын болсаңдар: қылдан тайдырмайтын қатын, ащы шай, шешен домбыра керек!

- Айтақшы, бұдан былай повесть, роман жазып тастау да ойыңызда бар шығар-ау?

- Жазып тастау деген қиын емес қой... бүгінгі күннің тәжірибесіне қарағанда. Бірақ, сонымды ешкім оқымай қоя ма деп шошимыш.

- Соңғы сұрағымыз. Фельетонның жауы - опровержение яғни жазғанды мансұққа шығаратындық. Осыдан құтылар күн бар ма?

- Өлсе құны сұралмайтын-дарды соққан жөн шығар, мықтыға жуымай-ақ демексіндер-ау, тәрізі! Жоқ, ол болмайды. Тап басып, тартынбай сок. Борозданда ат-жал қалдырма. Өйтпесе, ол «пәледен» құтыла алмайсың.

- Рахмет!

- Сендерге де рахмет. Соға беріңдер!

Ж. АЛТАЙБАЕВ